



## Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 17 наурыздағы N 18 өкімін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 31 наурыз N 40-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекелеген мемлекеттік органдарда әскери және арнаулы атақтар беруді реттеу жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 17 наурыздағы N 18 N990018\_ өкімін іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қорғаныс министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігімен, Мемлекеттік кіріс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігімен, Бас прокуратурамен (келісім бойынша), Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігімен, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен 1999 жылдың 9 сәуіріне дейін мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің жоғарыда аталған өкімі 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес заң актілерінің жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

2. Қорғаныс министрлігі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мемлекеттік органдардағы, әскерлердегі және әскери құралымдардағы әскери атақтар сақталатын лауазымдар мен оларға сәйкес шекті атақтардың тізбелерін қайта қарау туралы ұсыныс е н г і з с і н .

3. Әділет министрлігі басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен

бірлесіп, бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын шығарылған нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасы Президентінің аталған өкіміне сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

4. Осы өкімінің атқарылуын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК